

6D010300—«Педагогика және психология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін жазылған Сманова Алуда Арыстановнаның «Кәсіби білім беру жүйесіндегі дуальді оқытудың дамуы (Германия және Қазақстан тәжірибесі)» тақырыбындағы диссертациялық зерттеуіне ғылыми кеңесшінің

ШІКІРІ

Қазіргі уақытта қоғамның жаһандану мен инновациялық ұтқырлық, ақпараттық пен технократтық, цифрлық өзгерістеріне сәйкес қарқынды дамуы мен рухани жаңғыруы жағдайында осы заманауи қағидаттарды жүзеге асыруға білікті мамандардың қажеттілігі артып отыр. Ал олардың осындай өзгешеліктер мен жаңалықтарға жылдам бейімделіп, тез сінісіп кетуі болашақ маманнаның, соның ішінде мұғалімнің практикалық даярлығының жеткілікті көлемінен және жоғары деңгейінен талап етіледі.

Осы тұста жоғары педагогикалық білім беруге болашақ маманнаның кәсіби даярлығының практикалық бөлігін теориялық бөлігімен теңдей қамтамасыздандыратын дуальді оқыту жүйесін ендірудің қажеттілігі туындаиды. Алайда, қазіргі уақытта дуальді оқытуды болашақ мұғалімнің кәсіби даярлығына толығымен ендіру, көшіре салу мүмкін емес. Өйткені олардың кәсіби даярлығындағы теориялық және практикалық құрамдарының пайыздық көрсеткішін теңестірудің, ал практикалық бөлігінің барлығын өндірісте (яғни болашақ мұғалімдердің кәсіби даярлығында мектеп пен колледж базасында) жүзеге асырудың әдіснамалық-ұйымдастырушылық негіздері жасала қойған жоқ, ол *біріншіден*. *Екіншіден*, мұғалімнің жұмыс орны «жанды үдеріс» («субъект-субъект») екендігін, ал дуальді жүйе принципінде студент оқу орнында теориялық білім алудымен қатар өндірісте жұмыс істеуі тиістігін еске түсірсек, онда кәсіби тұрғыдан базалық білімі жоқ, кәсіби-тұлғалық сапалары қалыптаса қоймаған, өмірлік тәжірибесі жеткілікті қалыптаспаған 1-2 курс студенттерін жұмыс істеуге жібере салу мүмкін еместігі ақиқат. *Үшіншіден*, Қазақстанның колледж, мектептерінде мұғалімдік қызыметтің артықышылығы болмаса, тапшылығы жоқтың қасы. Сол себепті қолында дипломы бар мұғалімнің өзіне жұмыс жетіспеуінің басымдығы жағдайында болашақ мұғалімнің студент қатарында (күндізгі оқу) жүріп, жұмыс істеуіне мүмкіндік та бермейді. *Төртіншіден*, дуальді жүйені жоғары педагогикалық білім беруде жүзеге асырудағы қындықтар себептерінің анықталмауы және оны ендіру механизмінің жасалмауы да бұл мәселенің теориялық-практикалық тұрғыдан зерттеле түсуін қажет етеді.

Оның үстіне болашақ мұғалімдердің кәсіби даярлаудағы *студент-білім беру ұйымы-жұмыс беруші* серікtestтігімен келісілетін үш субъектілік оқыту жүйесін кіріктіруде және осы өзараәрекеттестікті бақылайтын құзыретті орталықтар құру мен олардың өкілетті органдар міндеттерінің құрамында болуы және с.с. шешімін табуға тиісті күрделі мәселелер бар.

Осы мәселені зерттеу қажеттілігі дуальді оқытудың отаны саналатын Германия тәжірибесін және қазіргі уақытта Қазақстанның орта білімнен кейінгі қәсіптік техникалық білім беру ұйымдарына дуальділік формасының ендірілу жағдайын зерттеу мен салыстыру негізінде жоғары педагогикалық білім беруге дуальді оқыту элементтерін ендіру бойынша ғылыми-әдістемелік ұсныстар беру А.А.Сманованаң зерттеу проблемасының өзектілігін анықтайды. Осы айтылғандарға сәйкес ұснылып отырған диссертациялық зерттеу проблемасы жаңа, көкейкесті.

Алуда Сманова *зерттеу барысында* дуальді оқыту мәселесі қарастырылған шетелдік және отандық әдебиеттерге контент-талдау, тарихи-салыстырмалы талдау, теориялық негіздеу, Германияда (Бавария, Саксония) және Қазақстанда эмпирикалық зерттеулер жүргізу (сауалнама, әңгімелесу, сұхбат және т.б.), математикалық өндіреу әдістері мен тәсілдерін қолдану негізінде бірқатар ғылыми нәтижелерге қол жеткізген:

- Германия мен Қазақстанның қәсіби білім беру жүйесіндегі дуальді оқыту дамуының тарихи-экономикалық, әлеуметтік-педагогикалық алғышарттарын айқындаған;
- халықтың қолөнер қәсіпшілігіне үйрету жүйесін дуальді оқытудың бастау көздері түрғысынан негізделген;
- қәсіби білім беру жүйесіндегі дуальді оқытудың мәні мен ерекшеліктерін анықтаған;
- Германия мен Қазақстанның қәсіби білім беру жүйесіндегі дуальді оқытудың дидактикалық негіздерін айқындаған;
- Германияның болашақ мұғалімдерді қәсіби даярлау жүйесіндегі дуальді оқыту элементтері анықтаған және оларды Қазақстанда жоғары педагогикалық білім беруде пайдалану бойынша ғылыми-әдістемелік ұсныстар әзірлеген.

Ұснылып отырған диссертацияның құрылымы мен мазмұны оның тараулары мен параграфтарының бір-бірімен тығыз логикалық байланыста, ішкі бірлікті сақтай баяндалғанын көрсетеді. Ал бұл болса, докторанттың диссертациялық жұмыс жазуға аса жауапкершілікпен қарағандығын дәлелдейді.

А.Сманованаң жарық көрген еңбектері Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым саласындағы Бақылау комитетінің (әрі қарай Комитет) талаптарына сай келеді. Оның жарияланымдары Скопус мәліметтер базасына енетін нөлдік емес импакт-факторлы шетел басылымында (квартиль-2, процентиль-56), Комитет тізіміндегі журналдарда, шетелдегі, республикадағы халықаралық конференцияларда басылым көрген.

Германия мен Қазақстан тәжірибесіне тарихи-салыстырмалы және эмпирикалық зерттеу жүргізу барысында да докторант зерттеу проблемасының теориясы мен әдіснамасын жетік меңгергендігін көрсетті және белсенділік танытты. Сманова Алуда Арыстановна диссертациялық

зерттеу жұмысын орындау барысында білімділігімен, біліктілігімен, зерттеушілік мәдениетімен және адами тұлғалық қасиеттерімен ерекшеленді.

Сонымен Сманова Алua Арыстановнаның «Кәсіби білім беру жүйесіндегі дуальді оқытудың дамуы (Германия және Қазақстан тәжірибесі)» тақырыбында жазылған диссертациясы дербестігі айқындалған, ғылыми жаңалығы мен практикалық маңыздылығы бар еңбек, диссертациялық жұмысты «6D010300 –Педагогика және психология» мамандығы бойынша философия докторы /PhD/ дәрежесін алу үшін көпшілік алдында қорғауға ұсынуға болады.

**Ғылыми кеңесшісі,
педагогика ғылымдарының
докторы, профессор**

